



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 26 шілдедегі № 196

Астана қаласы

**Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі
Ұлттық байланыс орталығының жұмыс істеуінің
кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 93-1) тармақшасына және «Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің тәжірибесіне сәйкес Ұлттық байланыс орталығының функцияларын іске асыру үшін жауапты органды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қарашадағы № 1453 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі Ұлттық байланыс орталығының құрамы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Ұлттық байланыс орталығы туралы ереже;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі Ұлттық байланыс орталығының Хатшылығы туралы ереже бекітілсін.

2. «Ұлттық байланыс орталығының жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 24 тамыздағы № 204 бұйрығынның күші жойылсын.

3. Кәсіпкерлікті дамыту саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мүдделі тұлғалардың назарына жеткізсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін атқарушы

Б. Омарбеков

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика Министрі
міндетін атқарушының
2024 жылғы 26 шілдедегі
№ 196 бұйрығына
1-қосымша

**Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі
Ұлттық байланыс орталығының құрамы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, төраға
«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамының
Басқарма төрағасы (келісу бойынша), төрағаның орынбасары
«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
Басқарма төрағасының орынбасары (келісу бойынша)
«Қазақстанның Азаматтық альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің
президенті (келісу бойынша)
«Астана» халықаралық қаржы орталығы Сотының аппарат басшысы
(келісу бойынша)
«Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» қоғамдық қорының директоры
(келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика Министрі
міндетін атқарушының
2024 жылғы 26 шілдедегі
№ 196 бұйрығына
2-қосымша

Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі Ұлттық байланыс орталығы туралы ереже

1. Осы Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі Ұлттық байланыс орталығы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Халықаралық инвестициялар және көпұлтты кәсіпорындар туралы декларациясына (бұдан әрі – Декларация), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері бойынша көпұлтты кәсіпорындарға арналған басшылық қағидаттарына және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы Кеңесінің Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері бойынша көпұлтты кәсіпорындарға арналған басшылық қағидаттары туралы шешіміне сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) елдерінің практикасына сәйкес кәсіпорындардың орнықты дамуға қол жеткізу мақсатында экономикалық, экологиялық және әлеуметтік дамуға үлес қосуға және олардың қызметі нәтижесінде туындауы мүмкін жағымсыз салдарлардың алдын алуға немесе осындай жағымсыз салдарларды жеңілдетуге бағытталған іс-қимылы;

2) Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі ұлттық байланыс орталығы (бұдан әрі – ҰБО) – ЭЫДҰ елдерінің практикасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі ұлттық байланыс орталығының функцияларын іске асыруға жауапты Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрілігі;

3) ҰБО негізгі құрамы – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі бекітетін, мемлекеттік органдардың, қоғамдық және өзге де ұйымдардың, азаматтық қоғамның өкілдерінен тұратын ҰБО-ның тұрақты жұмыс істейтін құрамы;

4) ЭЫДҰ-ның Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері бойынша көпұлтты кәсіпорындарға арналған басшылық қағидаттары (бұдан әрі – ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттары) – ЭЫДҰ-ға мүше елдер әзірлеген және қабылдаған, көпұлтты кәсіпорындарға арналған кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу стандарттарын белгілейтін ұсынымдар.

3. ҰБО қызметінің мақсаты ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттарын ілгерілету және іске асыру, ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттарын одан әрі іске асыру үшін шаралар қабылдауда кәсіпорындар мен мүдделі тұлғаларға көмек көрсету, сондай-ақ дауларды баламалы реттеуді қамтамасыз ету және ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттары бұзылған кезде келісу рәсімдерін жүргізу болып табылады.

4. ҰБО қызметі ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттарында баяндалған көрнекілік, қолжетімділік, ашықтық, есептілік, бейтараптық және әділдік, сондай-ақ болжамдылық сияқты тиімділік өлшемшарттарына негізделеді.

5. ҰБО өз қызметін ЭЫДҰ-ның халықаралық инвестициялар және көпұлтты кәсіпорындар туралы декларациясына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

6. ҰБО міндеттері:

1) ЭЫДҰ басшылық қағидаттарының ережелерін ықтимал бұзу нәтижесінде туындайтын сұрау салулар мен өтініштерді қарау;

2) ЭЫДҰ басшылық қағидаттарының ережелерін бұзу және олар бойынша объективті шешім қабылдау туралы өтініштерді қарау кезінде мүдделі тараптармен (бизнес-қоғамдастық, кәсіптік одақтар және азаматтық қоғамның басқа да өкілдері, мемлекеттік органдар) өзара іс-қимыл;

3) ЭЫДҰ басшылық қағидаттарының ережелерін бұзу туралы өтініштерді қарау қорытындылары бойынша шешімдер қабылдау, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізуге қатысты ұсынымдар әзірлеу;

4) басқа елдердің ҰБО-мен, оның ішінде ЭЫДҰ басшылық қағидаттарының ережелерін бұзу туралы өтініштерді қарау кезіндегі ынтымақтастығы және өзара іс-қимылы;

5) ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттары, ҰБО қызметі және кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу стандарттары туралы жұртшылық пен бизнес-қоғамдастықтың хабардарлығын (бұқаралық ақпарат құралдары, семинарлар, дөңгелек үстелдер арқылы) арттыру;

б) кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізуге қатысты ҰБО шешімдері мен ұсынымдарының іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру;

7) көпұлтты кәсіпорындардың ЭЫДҰ басшылық қағидаттарының ережелерін бұзуы туралы өтініштерді қарау қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

8) кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізуді көтермелеуге, оның ішінде тиісті мемлекеттік органдармен үйлестіруге бағытталған саясаттарды әзірлеу, енгізу және олардың келісілуін қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар жіберу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне қолдау көрсету;

9) ҰБО жұмыс істеуі үшін қажетті өзге де шешімдер қабылдау.

7. ҰБО төрағасы ҰБО қызметіне басшылық жасайды және мыналарды жүзеге асырады:

1) ҰБО қызметін жалпы бақылау;

2) ҰБО-ға жүктелген міндеттерді орындау бойынша жұмысты ұйымдастыру;

3) ҰБО отырысын жүргізу;

4) осы Ереженің 14 және 15-тармақтарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кұпиялылық шарттары бұзылған және мүдделер қақтығысы болған жағдайларда ҰБО мүшесін өтінішті қараудан шеттетуге;

5) ҰБО отырыстарының хаттамаларына қол қою;

6) ҰБО атқарған жұмысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар ету;

7) ЭЫДҰ-ның ҰБО мәселелері бойынша, ЭЫДҰ басшылық қағидаттары және бизнесті жауапты жүргізу стандарттары іс-шараларына қатысу.

8. Өтінішті қарау барысында алынған, оның ішінде үшінші тұлғалар ұсынған ақпарат ҰБО түпкілікті шешімі қабылданғанға дейін кұпия болып табылады.

9. Өтінішті қарау барысында мүдделер қақтығысы немесе оның туындау мүмкіндігі болған кезде ҰБО мүшелері ҰБО төрағасын алдын ала жазбаша хабардар етеді және ҰБО отырысына қатысудан бас тартады.

10. ҰБО қызметін ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді ҰБО Хатшылығы жүзеге асырады.

11. ҰБО мүшесі:

1) ҰБО отырыстарына қатысады, өтініштерді жан-жақты, объективті, ашық қарауға және олар бойынша объективті шешімдер қабылдауға жәрдемдеседі;

2) ҰБО Хатшылығынан өтініштерді қарау үшін қажетті ақпаратты сұратады;

3) ҰБО төрағасына өтініштерді қарау үшін мамандарды тарту туралы өтінішхат береді;

4) ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттары және ҰБО қызметі туралы (бұқаралық ақпарат құралдары, семинарлар, дөңгелек үстелдер арқылы) жұртшылық пен бизнес-қоғамдастықтың хабардарлығын арттыру жөніндегі жұмысқа қатысады;

5) өтініштер бойынша келіп түскен материалдардың кұпиялылық шарттарын олар бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін сақтайды.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика Министрі
міндетін атқарушының
2024 жылғы 26 шілдедегі
№ 196 бұйрығына
3-қосымша

**Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі
Ұлттық байланыс орталығының Хатшылығы
туралы ереже**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі Ұлттық байланыс орталығының Хатшылығы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Халықаралық инвестициялар және көпұлтты кәсіпорындар туралы декларациясына және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері бойынша көпұлтты кәсіпорындарға арналған басшылық қағидаттарына және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы Кеңесінің Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері бойынша көпұлтты кәсіпорындарға арналған басшылық қағидаттары туралы шешіміне сәйкес Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі ұлттық байланыс орталығы Хатшылығының қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленді.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері бойынша көпұлтты кәсіпорындарға арналған басшылық қағидаттары (бұдан әрі – ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттары) – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (бұдан әрі – ЭЫДҰ) мүше елдер әзірлеген және қабылдаған, көпұлтты кәсіпорындарға арналған кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу стандарттарын белгілейтін ұсынымдар;

2) Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі ұлттық байланыс орталығы (бұдан әрі – ҰБО) – ЭЫДҰ елдерінің практикасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі ұлттық байланыс орталығының функцияларын іске асыруға жауапты Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

3) ҰБО интернет-ресурсы – Хатшылықтың ресми веб-сайтындағы ҰБО туралы веб-парақша.

3. Хатшылықтың негізгі міндеті ҰБО қызметіне қолдау көрсету болып табылады.

4. Жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында Хатшылық:

1) ЭЫДҰ басшылық қағидаттарының ережелерін ықтимал бұзу туралы келіп түскен өтініштерді қабылдайды;

2) өтініштерді қарау регламентіне сәйкес материалдарды өңдеуді жүзеге асырады;

3) ҰБО отырыстарын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

4) мүдделі тараптардан (бизнес-қоғамдастық, кәсіптік одақтар және азаматтық қоғамның басқа да өкілдері, уәкілетті мемлекеттік органдар) ҰБО отырыстарын өткізуге дайындау үшін қажетті ақпаратты және материалдарды сұратады және алады;

5) кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізуді көтермелеуге, оның ішінде тиісті мемлекеттік органдармен үйлестіруге бағытталған саясаттарды әзірлеу, енгізу және олардың келісілуін қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар қалыптастырады және Қазақстан Республикасының Үкіметіне қолдау көрсетеді.

6) ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттары туралы хабардарлықты арттыру, сондай-ақ ҰБО қызметін ілгерілету бойынша семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар ұйымдастырады;

7) ҰБО интернет-ресурсын уақтылы толтыруды және ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттары, ЭЫДҰ басшылық қағидаттарының ережелерін бұзу туралы келіп түскен және қаралатын өтініштер туралы өзекті ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

8) ЭЫДҰ-ның бекітілген нысанына сәйкес ҰБО қызметі туралы жылдық есепті қалыптастырады және ҰБО-ның интернет-ресурсында жариялайды;

9) ҰБО-ның жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын әзірлейді және мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келіседі;

10) ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттары және ҰБО қызметі бойынша, оның ішінде техникалық (цифрлық) байланыс арқылы консультациялар жүргізеді;

11) ҰБО-мен және басқа елдердегі олардың хатшылықтарымен ЭЫДҰ басшылық қағидаттарының ережелерін бұзу туралы өтініштерді қарау бойынша өзара іс-қимыл жасайды, оның ішінде ЭЫДҰ жұмыс органдары мен комитеттерінен қажетті ақпаратты сұратады;

12) өтініштерді қарау бойынша жұмыс кезінде ҰБО үшін қолжетімді білім деңгейін арттыру бойынша оқытуға қатысады;

13) ЭЫДҰ басшылық қағидаттарының практикасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Хатшылықтың функцияларын «Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы жүзеге асырады.